



қағазында көрсетілген қажетті құжаттарымен тіркеуге келуін ұйымдасқан түрде және уақытында қамтамасыз етсін.

7. «Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» Мемлекеттік мекемесіне:

2 қосымшаға сәйкес, Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1992 жылы туған, сонымен қатар жасы үлкен азаматтардың тіркеуін қамтамасыз ету үшін техникалық қызметшілер жұмысқа тартылсын;

әскери міндетінен жалтарғандардың және әскери бөлімдерін өз еріктерімен тастап кеткендердің жауапкершіліктері жөнінде шақырылушылардың алдында баяндама циклдарымен қамтамасыз етілсін;

аудан әкіміне тіркеуді жүргізудің қорытындысы жөнінде 2009 жылдың 1 сәуіріне ақпарат тапсырсын.

8. «Жамбыл ауданының қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 44-бабының негізінде көрсетілген шаралардың орындалуына байланысты шығындар жергілікті бюджеттің қаржысы есебінен жүзеге асырылсын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің әлеуметтік мәселелер жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

10. «Жамбыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесінде азаматтарды тіркеуді жүргізу туралы» аудан әкімінің 2007 жылғы 19 қарашадағы № 302 қаулысының (мемлекеттік тіркеу нөмірі № 13-7-59 2007 жылғы 26 желтоқсандағы, «Ауыл арайы – Сельская новь» 2008 жылғы 11 қаңтардағы 2 нөмірі, 2008 жылғы 25 қаңтардағы 4 нөмірі) күшін жойды деп танылсын.

11. Осы қаулы бірінші ресми жарияланған күннен он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енеді.

*Аудан әкімі*

*С. Ыбыраев*